

ӘОЖ 321.01

С.А. Сартаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: S.sartai@mail.ru

Мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың қазақстандық үлгісін жетілдіру мәселелері

Аңдатпа. Мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың қазақстандық үлгісін құру және діни экстремизм құбылысын алдын алуға бағытталған бірнеше кешенді шараларды бөліп айту керек: құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру; гуманизм мен толеранттылықты қалыптастыруға бағытталған идеяларды жетілдіру және тарату; ағартушылық жұмысты күшейту.

Түйін сөздер: мемлекет, құқық, конфессия, дін, экстремизм.

Заманауи қазақ қоғамында діннің ықпалы орасан зор екені осы уақытқа дейін болып өткен экстремизмдік әрекеттер мен қоғамдағы діни жағдайдың тұрақсыздығын бір дәлелдеп өткендей. Бүгінгі күнде Қазақстанда 4551 діни бірлестік бар (салыстырмалы түрде: 1990 жылы олардың саны 670 болған). Қазақстан халқының көпшілігі дінді этникалық мәдениет пен ұлттық дәстүр деп қарастырады. Дәстүрлі діни институттардың ықпал ету аясы кеңейіп, халықтың діни әсерді қабылдау деңгейі өсуде, діни ұйымдардың әлеуметтік қызметі күшейіп, діни ілім рөлі өріс алуда, діни миссионерлердің қызмет белсенділігі қарқындауда. Осы факторлардың барлығы заманауи қоғамға діннің әсерін күшейте түсетіні күмәнсіз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Елдегі діни-экстремистік идеологияның элементтерін, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, конституциялық құрылымға қол сұғушы әрекеттердің қатаң түрде алдын алу қажет» [1] деп қадап айтқан болатын.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [2] делінген.

Біздің мемлекетте құрамында мұсылмандар, православтар, католиктер, протестанттар, буддистер және иудейлер секілді түрлі конфессия өкілдері өмір сүреді.

1992 жылы 15 қаңтарда, яғни тәуелсіздік алғаннан соң екі айдан кейін қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң [3], ең бір либералды (ымырашыл, бос) болып табылады. Көпконфессионалды Қазақстан қоғамында дін мен халықтың діндарлық деңгейін дамытуға қолайлы жағдай жасалды. Сәйкесінше шетел миссионерлері, түрлі конфессия мен діни ағымдардың өкілдері осы жағдайды өздеріне оңтайлы қолдана білді. Қызметі күмән тудыратын, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, жалпы қоғам бүтіндігін бұзатын деструктивті ағымдардың елімізге енуіне толық мүмкіндік жасап бердік.

Қазақстанда бірнеше рет діни экстремизмнің ауыр нысандары көрініс тауып, сәйкесінше экстремистік топтар мен ағымдар тікелей мемлекетке қауіп төндіре бастады. Осыған байланысты мемлекет пен қоғамға осындай ақиқатты қабылдауға және шұғыл түрде тиісті жауап қайтаруға тура келеді. Және бұл ситуативті жауап беру емес, жағдайды бүтіндей жаңа стратегиялық бағыт ретінде қарастырып, привентивті шаралар қабылдануы керек.

Қазақстандағы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар үлгісі мемлекеттің конфессияларға қатысты бейтараптылық танытуына негізделген, барлық діндер тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие, түрлі сенімдегі адамдар арасында өзара сыйластық қатынастар орнатылған. Осы қағидаларды қалтқысыз ұстану нәтижесінде мемлекеттің тәуелсіздігін алудағы тарихи өтпелі кезеңде қазақстандық қоғамның бүтіндігі сақтала білді.

Бүгінде аталып кеткен үлгінің әрі қарай жетілдіру қажеттілігінің артып келе жатқанын сезінеміз. Қазақстан қоғамы ішінде діннің Халықаралық мәдениет және дін орталығының тапсырысы бойынша жүргізілген әлеуметті сауалнамасы деректері бойынша қазақстандықтардың көпшілігін қалыптасқан діни сенімдегі адамдар деп айтуға болады. Тәжірибелі сенушілер, яғни жоғары діни сенімдегі адамдар салыстырмалы түрде көп емес, 7-8 пайызды құрайды, алайда кеше ғана атеизм билік құрған қоғамнан шыққан ел үшін бұл сандар тіпті қорқынышты көрінеді.

Осыған байланысты мемлекет маңызды шаралар қабылдай бастады. Біріншіден, 2011 жылы қазан айында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» [4] жаңа заңның қабылданғанын айта кету керек. Осы заңға сәйкес діни ұйымдардың барлығы 1 жыл көлемінде қайта тіркеуден өтуі қажет еді. Мұндай норманы енгізудің басты мақсаты – діни бірлестіктердің қызметін мемлекет және қоғам үшін ашық, айқын ету. Осы күнге дейін бұл талап дұрыс сақталмай келген еді және сонынан орасан үлкен мәселелер туындатты. Сонымен қатар аталған норманы енгізудің басты себептерінің бірі – біздің менталитетімізге, дәстүрімізге, мәдениетімізге жат дінді жамыла отырып, өзінің құқыққа қайшы әрекеттерін жүргізетін деструктивті діни ұйымдардан азаматтарымызды қорғауды заңи түрде бекіту еді.

Дегенмен мұндай түрдегі сұрақтарды шешумен қатар, бүгінде біздің алдымызда ірі көлемдегі міндет тұр, яғни қазақ мемлекетінің конфессионалдық саясаты қандай стратегиялық мақсаттарды көздеуі тиіс, қай жаққа қарай қозғалуымыз керек, соны анықтап алуымыз керек. Жалпы алғанда, осының өзі біздің мемлекеттік конфессионалдық қатынастар үлгімізді жетілдіру және дамытуды білдіреді. Осы мәселені анықтау барысында, әлемдік

тәжірибеге қызығушылық танытуымыз заңды сияқты. Әсіресе біздің назарымызды зайырлы мемлекеттік құрылымдағы Түркия және Малайзия сияқты мұсылман елдері аударды. Ал батыс үлгілерінің ішінен екі «классикалық» – америкалық және француздық үлгілер көңіл аударарлық.

Осы үлгілерге нақтырақ тоқтала кетсек. Зайырлы мемлекеттің түрік үлгісінің ерекшелігін олардың заңнамаларының толықтай еуропалық сипатта болуымен, сондай-ақ діни бірлестіктерді мемлекеттендірумен түсіндіруге болады.

Түрік дін істері жөніндегі Басқарма – мәртебесі министрліктерден де жоғары тұратын әлеуетті, мемлекеттік құрылым. Түрік имамдары мемлекеттік қызметкер мәртебесіне ие болып, мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау көріп отырады.

Елде мемлекет қаржыландырып отыратын діни оқу орындар жүйесі, сондай-ақ ірі ЖОО жанында теологиялық факультеттері бар. Соның арқасында діни сауаттылық деңгейі өте жоғары. Түркия елінің 97% мұсылмандары Діни істер жөніндегі басқармаға үлкен сенім білдіреді. Діни сауаттылық пен діни экстремизмнің алдын алуды қамтамасыз ету мәселесі бойынша Түркия елінен көп нәрсе үйренуге болады. Алайда олардың үлгісін толықтай көшіріп ала алмаймыз. Өйткені Түркия – моноконфессионалды ел болып табылады, мұсылмандар халықтың 98 пайызын құрайды. Түрік үлгісінде дін мемлекетпен өте тығыз байланыста.

Малайзиялық үлгіге келетін болсақ, моноконфессионалды Түркияға қарағанда этно-ұлттық және конфессионалдық қатынаста гетерогенді қоғам ретінде көрініс табады және бұл жағынан Малайзия Қазақстанмен ұқсас болып келеді. Ислам Малайзияда ресми мемлекеттік дін болып есептелгенімен, мемлекеттің өзі зайырлы болып табылады, өйткені елдің барлық діни қоғамдарына ішкі автономиясының мүмкін болатындай деңгейіне жағдай жасап, плюрализм саясатын ұстанады, яғни қоғам өмірінің бірқатар салаларында аралас қатынастық жүйе қолдануға дейін осындай жолдар қарастырылған. Тіпті, Малайзияның кейбір штаттарында ресми түрде шарифат пен әдет (дәстүрлі құқық) заңдары әрекет етеді. Сонымен қатар заманауи Малайзияның саяси идеология құрылымында ислам маңызды орын алады. Мысалы, малайзиялық «экономикалық ғажайып» «*Islam*

Hadhari) («Өркениетті Ислам» тұжырымдамасы қағидасының негізінде құрылған.

Алайда Малайзиялық үлгі, түрік үлгісі секілді біз үшін зерттеу объектісі ғана болып қалу керек сияқты, өйткені, ең алдымен, федеративті Малайзияға қарағанда Қазақстан бұртұтас мемлекет болып табылады. Бір жағынан алып қарағанда, Малайзия халқының діншілдік деңгейі бізге қарағанда тіптен жоғары. Қазақстан қоғамы мүлдем басқа және тарихи жолы да дара, өзгеше.

Егер батыс елдерінің тәжірибесін алып қарасақ дін мен мемлекеттің өзара қарым-қатынас үлгісінің ең танымалдары деп америкалық және француздық түрлерін атауға болады. Америкалық үлгі, индивидтің өзін-өзі жүзеге асыруда абсолютті құқық басымдылығын білдіреді және діннің кез келген нысанына, оның барлық сыртқы көрінісіне толық бостандық, еркіндік береді. Басқа жағынан алғанда, осы үлгі біздің саяси мәдениетімізге тіптен жат пікір білдіру бостандығының көрініс табуына мүмкіндік береді. Мысалы, жария түрде Құранды өртеп жіберу тек өртке қарсы ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік айыппұл төлеу жазасымен ғана шектеледі. Бұл жай ғана азаматтың өз еркін білдіру бостандығы деп қарастырылады. Ал мұндай жағдайлар біздің менталитетіміз бен дәстүрімізге жат.

Француздық үлгі – америкалық үлгіге қарама-қарсы болып табылады. Мұнда дін мемлекеттен қатаң түрде ажыратылады. Тіптен мемлекеттік мекемелер мен оқу орындарында діни рәміздер белгілерінің болуына тыйым салынады. Біздің талаптарда аталған үлгіні де көшіріп ала алмаймыз. Мәселе дінге сенушілер мен мемлекет арасында болуы мүмкін шиеленісте ғана емес, мұнда мәселе тереңде жатыр. Мемлекет пен дін қатынасындағы француз үлгісі саяси ұлттың құрылуындағы қатаң әдістер қай кезде де жаппай бір тіл мен бір мәдениетті енгізумен ұштасып отыруымен сипатталады. Біздің жағдайда бұл тым айқын көрінеді.

Бір сөзбен айтқанда, біздің алдымызда қазіргі қазақстандық қоғам ақиқатында мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың өзіндік үлгісіне бейімделу мақсаты тұр.

Қазіргі уақытта мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың қазақстандық үлгісін жетілдіру бойынша бірқатар кешенді жұмыстар

жүргізілуде. Бұл жұмыстардың бастамасы болып 2011 жылы қабылданған жаңа “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” [4] заңды айтуға болады. Одан кейін атқарылған іс-шаралардың ішінен 2011 жылы аяғындағы діни істер жөніндегі агенттіктің қатысуымен болған Қазақстан дінтанушыларының бірінші форумын айтуға болады. Осы форумда Қазақстан дінтанушыларының Конгресі құрылды.

Осы жылдың мамыр айында “Діни бірлестіктер және дін ұстану еркіндігі сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заң жобасын қабылдауы маңызды қадам болып табылды. Бұл заң жобасы дәстүрлі емес діни-мистикалық секталар қызметіне шектеулер қоюды, сондай-ақ шетелдік миссионерлік қызметтерге қатысты ережелерді қатандандыруды көздейді.

Бұдан басқа мемлекет тарапынан 2012-2014 жылдары республикалық бюджет жобасында діни экстремизммен күреске 2012 жылы 12,9 млрд теңге бөліну көзделген. ПМ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 24,8 млрд теңге, оның ішінде діни экстремизммен күреске 12,9 млрд теңге бөлінген. ПМ қатар діни экстремизммен күреске шығындар президент күзетшілері қызметін қаржыландыру да көзделеді.

2011 жылы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бюджеттен: ҚР ПМ 1,2 млрд теңге, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне 0,9 млрд теңге [5] бөлінген болатын.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік-конфессионалдық қатынас үлгісін жетілдірудің негізгі басым қағидасы ол зайырлылықты сақтау болып табылады. Әлемде зайырлылықтың түрлі нысандары бар. Біздің мақсатымыз өз бағытымызды дұрыс таңдау. Мұның өзі қоғам өмірінің қай саласында дін елеулі біріктіруші бастама ретінде өзін көрсете алатынын анықтау қажет. Діннің ішкі және жаһандық әлеуметтік-экономикалық қозғалыстармен туғызылған көптеген үдерістерді жұмсартуға қабілетті өнегелік әлеуетін әрекетке қосуды да ескергеніміз жөн.

Діни бірлестіктер түріндегі дін мен мемлекет мүдделерінің тұрақты тепе-теңдігін қамтамасыз ету біз үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Ол үшін діни радикалдылыққа жол берілмейтіндей етіп қатынас жасау қажет. Қатынастардың жаңа үлгісі қоғамның сана-

сы мен жүріс-тұрысында деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыруы қажет. Осыған байланысты жаңарған үлгінің сипаты барлық халықтың діни сауаттылығын айқындап тұруы керек. Мұның барлығы үлгіні жетілдірудің негізгі бағыттары болып табылады, ал оларды толыққанды өңдеу мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктердің бірлесіп, белсенді жұмыс жасауын қажет етеді. Сондай-ақ сарапшылар қауымдастығының қатысуы да маңызды болып табылады, мұнда тек дінтанушылар, әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар ғана емес, сонымен қатар ғылымның сабақтас салаларының барлық өкілдері қатысу қажет етіледі.

Қорыта келе, жоғарыда айтылып кеткен шет мемлекеттердің мемлекеттік конфиссионалдық қатынастарын талдай келе, экстремизм мен терроризм құбылыстарының алдын алуға бағытталған бірнеше кешенді шараларды бөліп айту керек. Бірінші кезек құқық қолдану тәжірибесіне қатысты. Мұнда экстремизмнің қылмысты акцияларын орындаушылар мен ұйымдастырушыларды ғана жауапкершілікке тартып қоймай, сондай-ақ оның рухтандырушыларын, шабыттандырушыларын да қоса жазалау керек. Қоғамда бейбітшілікке, гуманизм мен толеранттылықты қалыптастыруға бағытталған идеяларды қарастыратын идеологиялық күреске де маңызды рөл беріледі. Ерекше назарды ағартушылық жұмысқа аударуымыз керек, бұл мәселеге ғылыми қоғамды, діни бірлестік көшбасшыларын және экстремизм қауіптілігін хабарлайтын БАҚ өкілдерін тарту қажет. Соңында айта кетеріміз, экстремизмге қарсы тұрудың маңызды факторларының бірі болып дін мен экстремизмнің өзара қарым-қатынасын теріске шығару табылады.

(Қазақстан Республикасында діни экстремизммен күресудің нормативтік-құқықтық реттелуі тақырыбы бойынша №1337 грантты қаржыландыру шеңберінде жазылған).

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н.Ә. Необходимо жестко пресекать распространение в Казахстане религиозного экстремизма. <http://newskaz.ru/society/20121212/4445972.html>

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-III Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген ресми мәтін. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 136 бет.

3 Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992. – № 4. – 84-құжат.

4 *Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы* 2011 жылдың 11-ші қазандағы Қазақстан Республикасы Заңы// Егемен Қазақстан. – 2011. – 15 қазан.

5 На борьбу с религиозным экстремизмом в 2012 году будет выделено 12,9 млрд тенге <http://www.nomad.su/?a=3-201109130030>

References

1 Nazarbayev N.Ә. Sistendum est dilatatione religiosorum extremism in Kazakhstan. <http://newskaz.ru/society/20121212/4445972.html>

2 Respublikasynuң Konstitutsiyasy Kazakhstan: Kazakhstan Respublikasynuң 2007 zhylyfy 21 mamyrdaғы № 254-III Zaңyna өзgertuler myeon tolyқтыrular engizilgen resmi мәtin. – Алматы: Zheti Zhargy, 2007. – 136 bet.

3. Dini Senim bostandyғы zhane dini birlestikter turaly 1992 zhylyfy 15 қаңtardaғы Kazakhstan Respublikasy Zaңy / / Kazakhstan Respublikasy Zhofarғы Кеңesiniң Zharshysy, 1992. – № 4. – 84 құzhat.

4 Dini kyzmet zhane dini birlestikter turaly 2011 zhylyduң 21 shi қazandaғы Kazakhstan Respublikasy Zaңy // Egemen Kazakhstan. – 2011. – 21 қazan.

5 In hac pugna adversus Religiosos extremism in 2012, erit partita 12,9 billion tenge <http://www.nomad.su/?a=3-201109130030>

С.А. Сартаев

Проблемы совершенствования Казахстанской модели государственно-конфессиональных отношений

Казахстанская модель светского государства требует особого подхода в регулировании отношений в религиозной сфере. В нашем государстве живут представители различных конфессий, среди которых мусульмане, православные, католики, протестанты, буддисты и иудеи. Логика подобной тождественности такова, что межнациональные и межконфессиональные отношения неразрывны между собой. Распространение в стране элементов религиозно-экстремистской идеологии требует к себе особого внимания и принятия мер прежде всего превентивного характера.

Ключевые слова: Государство, право, конфессия, религия, экстремизм.

S.A. Sartayev

Problems of improving the Kazakhstani model of church-state relations

Kazakhstan's model of a secular state requires a special approach to the regulation of relations in the sphere of religion. In our state are living representatives of various faiths, including Muslims, Orthodox, Catholics, Protestants, Buddhists and Jews. The logic of this identity is that the inter-ethnic and inter-religious relations are inseparable to each other. Dissemination in the elements of religious-extremist ideology requires special attention and action primarily preventivnogo character.

Keywords: State, law, confession, religion, extremism.